

«Ақсу негізгі орта мектебі» КММ

БЕКІТЕМІН
Мектеп директоры  М.И.Есеева

« 29 » тамыз 2022 жыл.



Әлеуметтік педагогтың жылдық жұмыс жоспары
2022-2023 оқу жылы

Әлеуметтік педагог: Исбусинова А.Б.

Мақсаты:

Мектептегі жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалардың, толық емес отбасы, сәтсіз отбасы, көпбалалы, әлеуметтік аз қамтылған отбасы, оралман отбасы, мүмкіндігі шектеулі балалардың құқығын қорғау, оларды материалдық және моральдық тұрғыда қолдау мақсатындағы жұмыстарын жандандыру, тұлғалық қалыптастыруды әлеуметтік-педагогикалық тұрғыдан негіздеу және оларды әлеуметтендірудің тиімді жүйесін жасау.

Негізгі бағыттары:

1. Қамқорлыққа алынған балалармен жұмыс
2. Аз қамтылған жанұя балаларымен жұмыс
3. Көп балалы, толық емес отбасы балаларымен жұмыс
4. Осы топтағы балалардың сабаққа қатысымын бақылау
5. Қайырымдылық шаралар өткізу
6. Сынып жетекшілерімен жұмыс
7. Ата-аналарға кеңес беру

ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТАРҒА АРНАЛҒАН ҚЫЗМЕТТІК ЕРЕЖЕЛЕР

Әлеуметтік педагог қызметі балалардың дамуы мен оны қорғауды қамтамасыз ету заңына негізделген. Әлеуметтік педагог сонымен қатар өз қызметінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңын, БҰҰ «Балалардың құқықтары туралы Конвенция», ҚР «Неке және отбасы туралы заңы», «Әлеуметтік қорғалмаған білімалушылар мен күнкөрісі төмен отбаслардан шыққан білім алушыларға қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты жұмсау ережесін бекіту туралы «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысын, басқа да нормативтік актілер мен құжаттарды, осы ережені басшылыққа алады.

Әлеуметтік педагогтің жұмысының мақсаты: мектеп оқушыларымен, ата-аналармен әлеуметтік педагогикалық жұмыстар жүргізу және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды, аз қамтамасыз етілген отбасы балаларын, көпбалалы отбасы балаларын, толық емес отбасы оқушыларымен әлеуметтік қолдау жұмыстарын жүргізу, сонымен қатар тәртібінде ауытқушылығы бар және қиын, құқықбұзуға бейім балалармен әлеуметтік-психологиялық және құқықтық жұмыстарды ұйымдастыру, отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

Міндеттері

- Баланың құқықтары мен қызығушылықтарын, түрлі инстанцияларда және мектепте баланың қорғанышы ретінде өзі немесе басқа да мамандарды қатыстыра отырып қорғайды.
- Бала тәрбиесінде отбасына әлеуметтік-педагогикалық көмек көрсету. Тұлғалану үдерісіне кері әсерін тигізетін әлеуметтік қатерлі отбасыларын анықтайды.
- Қорғаншы мен қамқоршыларды қажет ететін балалар мен жастарды анықтау және есепке алу жұмыстарын жүргізеді.
- Түрлі әлеуметтік топтарда сенімді қарым-қатынасқа түсе алуына көмек көрсету, әлеуметтену үдерісіне (кәсіп таңдауда, жұмысқа тұруда, денсаулығын нығайтуда, бос уақыттарын ұйымдастыруда және т.б.) ықпал ету
- Ата-аналарға, педагогтарға, басқа да ұйымдардың қызметкерлеріне әлеуметтік-педагогикалық кеңес берумен айналысады.

Мақсаты:

Мектептегі жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалардың, толық емес отбасы, сәтсіз отбасы, көпбалалы, әлеуметтік аз қамтылған отбасы, оралман отбасы, мүмкіндігі шектеулі балалардың құқығын қорғау, оларды материалдық және моральдық тұрғыда қолдау мақсатындағы жұмыстарын жандандыру, тұлғалық қалыптастыруды әлеуметтік-педагогикалық тұрғыдан негіздеу және оларды әлеуметтендірудің тиімді жүйесін жасау.

Негізгі бағыттары:

1. Қамқорлыққа алынған балалармен жұмыс
2. Аз қамтылған жанұя балаларымен жұмыс
3. Көп балалы, толық емес отбасы балаларымен жұмыс
4. Осы топтағы балалардың сабаққа қатысымын бақылау
5. Қайырымдылық шаралар өткізу
6. Сынып жетекшілерімен жұмыс
7. Ата-аналарға кеңес беру

№	Орындалатын тақырыптар	Мерзімі	Объекті	Жауапты	Бақылау түрі	Мақсаты
1	«Мектепке жол» акциясын ұйымдастыру, акцияға бизнес-құрылымдардан, үкіметтік емес ұйымдардан меценаттар мен демеушілерді тарту	Тамыз, қыркүйек	Шұғыл көмек ететін көп балалы, тұрмысы төмен, жетім және АҚҚ балалар	Мектеп әкімшілігі, ДТІЖО, сынып жетекшілер, әлеуметтік педагог	Жалпылама	Аз қамтамасыз етілген және көп балалы отбасынан шыққан оқушыларға, жетім және АҚҚ балаларға қолдау көрсету және әлеуметтік себептер бойынша мектепке балалардың келмеуінің алдын алу
2	Жағдайы төмен оқушылар жөнінде мәлімет және отбасына қатысты құжаттарын жинап тізімін жасақтау	Қыркүйек	1-9 сынып аралығындағы аз қамтылған оқушылар	Сынып жетекшілері, әлеуметтік педагог	Жалпылама	Мектеп бойынша көп балалы, тұрмысы төмен, жетім және АҚҚ балаларды, оралман отбасы оқушыларын анықтау
3	Мектептің әлеуметтік паспортын дайындау, жылдық жоспарды жасау.	Қыркүйек, қазан	Жетім, жартылай жетім, көп балалы, сәтсіз және оралман отбасылар	Сынып жетекшілері	Әлеуметтік педагог, мектеп психологы, ДТІЖО	Жетім, жартылай жетім, көп балалы, сәтсіз және оралман отбасы балаларының санын анықтау
	Отбасы күніне байланысты акция ұйымдастыру	Қыркүйек	көп балалы, тұрмысы төмен, жетім және АҚҚ балалар	Сынып жетекшілері, әлеуметтік педагог	Жалпылама	Аз қамтамасыз етілген және көп балалы отбасынан шыққан оқушыларға, жетім және АҚҚ балаларға қолдау көрсету
4	Жетім, жартылай жетім және тұрмысы төмен отбасы оқушыларының оқулықпен қамтылуын ұйымдастыру	Қыркүйек	1-9 сынып аралығындағы оқушылар	Сынып жетекшілері, әлеуметтік педагог	Мектеп кітапханасы	Жетім және АҚҚ балаларының, жартылай жетім және тұрмысы төмен отбасы оқушыларының оқулықпен қамтылуының ұйымдастырылғанын тексеру
5	Асхана жұмысын тексеру. Асханада оқушылардың дұрыс тамақтана алуын тексеру	Қыркүйек	Асхана, асхана аспазшысы және көмекшісі	Мектеп әкімшілігі, әлеуметтік педагог	Жалпылама	Асханадағы тамақтың сапасын тексеру, қорытындысын директор жанындағы кеңесте қарау
6	Ыстық тамақ ішетін балалардың тамақтануын ұйымдастыру, асхана өнімдерін тексеруге негізделген бракераждық комиссия құрамын бекіту	Қыркүйек	1-9 сынып аралығындағы әлеуметтік қорғалмаған	Сынып жетекшілері, әлеуметтік педагог	Мектеп әкімшілігі, әлеуметтік педагог,	Мектеп бойынша көп балалы, тұрмысы төмен, жетім және АҚҚ балаларды ыстық тамақпен қамту

			оқушылар		ДТЖО, мектеп	
7	Ата-аналармен жұмыс	Жыл бойы	Көп балалы тұрмысы төмен, оралман, сәтсіз отбасылармен жұмыс	Сынып жетекшілері және мектеп психологы мен бірлескен жұмыс	Жалпылама	Аз қамтамасыз етілген отбасынан шыққан оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету үшін жинақталған құжаттар бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу
8	Жетім және АҚҚ балаларының тұрмыс жағдайына тексеру актісін жүргізу, қамқоршының есебін алу (Мемлекеттік қорғаншылық пен қамқоршылық жөніндегі функцияларын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы ҚР.Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы №382 Қаулысы)	Алты ай сайын	Жетім және АҚҚ балалары	ДТЖО, әлеуметтік педагог, сынып жетекші, мектеп психологы	Әлеуметтік педагог	Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың өз жағдайын, тұрмыс жағдайын анықтау. Баланың үздіксіз білім алуына жағдай жасау, тегін тамақ, оқулықпен қамтылуын аса назар аудару
9	Ыстық тамақтың есебін беру	Тоқсан сайын	1-9 сынып аралығындағы ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін оқушылар	Әлеуметтік педагог	Мектеп әкімшілігі	Ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін оқушылардың күнделікті тамақ ішулерін қадағалау
10	«Қамқоршы күні» мерекесіне орай кеш өткізу	Қазан	Жетім және АҚҚ балаларының қамқоршылары	ДТЖО, әлеуметтік педагог, тәлімгер	Әлеуметтік педагог	Оқушылардың бойларына мейірімділік, адалдық, қайырымдылық қасиеттерді сіңіре отырып, кішіге қамқор бола білуге тәрбиелеу
11	«Есін болса есірткіге жолама» жоғарғы буын, «Заманауи жат-қылықсыз жасөспірім» орта буын оқушыларына тренинг	Қазан	7-9 сынып оқушылары	Әлеуметтік педагог, психолог		Балалар мен жасөспірімдер арасында психобелсенді заттар тұтынудың және алкоголь мен есірткі тұтынудың алдын-алу
12	Жетім және АҚҚ, аз қамтылған отбасы балаларының сабаққа қатысымын бақылау	Үнемі	1-9 сынып аралығындағы аз қамтылған оқушылар	ДТЖО, әлеуметтік педагог, тәлімгер	Әлеуметтік педагог	Сабақтан себепсіз қалмауға үйрете отырып, жауапкершілікке тәрбиелеу
14	Оқушылардың сыныптан тыс үйірмелерге қатысуын қадағалау	Үнемі	Аз қамтамасыз етілген оқушылар	Сынып жетекшілер,	Жалпылама	Оқушыларды жауапкершілікке, уақытты үнемді пайдалануға

				әлеуметтік педагог		тәрбиелеу
15	Мамандыққа икемділігін анықтау мақсатында Климов сауалнамасын алу	Қараша	9 класс оқушылары	әлеуметтік педагог, психолог	Жалпылама	Мамандыққа икемділігін анықтау
16	«Сенің отбасың қандай?» реид	Қараша, Қаңтар	Аз қамтамасыз етілген және көп балалы отбасының балалары	ДТЖО, әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер	Әлеуметтік педагог	Оқушылардың үйлерін аралау арқылы тұрмыс жағдайларын зерттеу. Баланың мектепке келмеуінің алдын-алу
17	Ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін оқушылардың күнделікті тамақ ішулерін бақылау	Үнемі	1-9 сынып аралығындағы аз қамтамасыз етілген оқушылар	Сынып жетекшілер, әлеуметтік педагог	Әлеуметтік педагог	Уақытында тамақтануын қадағалау
19	- «Денсаулықты сақтаудың тиімді жолдары» тәрбие сағаты	Қараша	Оқушылар	ДТЖО, әлеуметтік педагог, психолог	Мектеп әкімшілігі	Дұрыс тамақтану туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу
20	Қазақстан Республикасының президентінің және аудан әкімінің, қала әкімінің жаңа жылдық шыршасына баратын балалардың тізімін жасақтау	Желтоқсан	1-9 сынып аралығындағы аз қамтылған оқушылар	ДТЖО, әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер	Әлеуметтік педагог	Жасақталған тізім бойынша оқушылардың шыршаға қатысуларын қадағалау
21	Республикалық «Қамқорлық» акциясын насихаттайтын топ құру және акцияны өткізу	Қаңтар, Ақпан	Көмекке мұқтаж, көмекті қажет ететін аз қамтылған, көп балалы отбасы балалары	ДТЖО, сынып жетекшілері, әлеуметтік педагог	Әлеуметтік педагог	Күнкөрісі төмен, көп балалы отбасылардан шыққан балаларға, жетім және АҚҚ балаларға әлеуметтік көмек пен қолдау көрсету. Берілген көмекті ұйымдастырылған түрде тарату
22	«Мектеп асханасы туралы өз ойың» сауалнама өткізу	Ақпан	Ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін оқушылар	Әлеуметтік педагог	Әлеуметтік педагог	Оқушыларға өз ойларын, пікірлерін ашық айтуға тәрбиелеу
23	Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу	Ақпан	8-9 сынып аралығындағы оқушылар	ДТЖО, әлеуметтік педагог	Әлеуметтік педагог, құқық пәні мұғалімі	Дәстүріміздің белсенділігін арттыру, беріктігін нығайту
24	Алғыс айту күніне орай іс-шара	Наурыз	Оқушылар	ДТЖО, сынып	Мектеп	Оқушылардың бойына жақсы,

	көтеріңкі көңіл-күй сыйлау	әкімшілігі	жетекшілер, тәлімгер, әлеуметтік педагог			
25	«Мамандықтың бәрі жақсы, қажеттісін таңдап ал» тренинг	Әлеуметтік педагог, психолог	Әлеуметтік педагог, психолог	9 класс оқушылары	Наурыз	Мамандық таңдауға бағыттау
26	Көп балалы, тұрмысы төмен, жетім және АҚК балалардың жазғы демалысы кезіндегі сауықтыру лагерлеріне баруын және еңбекке орналауларын қалағалау	Мектеп әкімшілігі	ДТЖО, сынып жетекшілер, әлеуметтік педагог	Оқушылар	Мамыр – Шілде.	Аз қамтылған отбасы балаларының жазғы демалысын ұйымдастыру
27	«1 маусым - Балаларды қорғау күні» мерекелік іс-шара	Мектеп әкімшілігі	ДТЖО, сынып жетекшілер, әлеуметтік педагог	Оқушылар, мұғалімдер	Маусым	Балалардың көңіл-күйін көтеруге мерекелік концерт ұйымдастыру

Ескерту: оқу жылы барысында ағымдағы жағдайлар мен міндеттерге байланысты жоспарға қосымша жағданады